


ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ



Экология – тірі организмдердің өзара қарым-қатынасын және олардың сыртқы орта жағдайларымен байланысын зерттейтін ғылым.

Экология – гректің “oikos”- үй, мекен жай және “logos”- ілім деген сөздерден алынған және ол терминді 1866 жылы неміс ғалымы Э.Геккель ғылымға алғаш рет енгізеді.

Экология – жаратылыстану және қоғамтану ғылымдарын бір-бірімен байланыстыратын кешенді ғылым.



○ **Табиғи ресурстар**-адамзаттың күн көрісі мен тіршілік етуіне қажетгі заттар және табиғатта кездесетін жаратылыс дүниелері. Су, жер, өсімдік жан-жануар, тау-тас, қазба-байлық және өзге де, тікелей не өнделген күйінде тұрмысқа, өндіріске қажетті дүниеліктердің бәрі де жатады



Экология ғылымының даму кезеңдері



I кезең

Адамның пайда болуы

Қоршаған ортаны танып білу

XIX ғасырдың 60 жылдарына дейін



II кезең

Экология жеке ғылым саласы

Экологиялық ұғымдар мен қағидалар шықты

XIX ғ. соңы мен XX ғ.-дың 50 жылдары



III кезең

Экология ғылымының жаңа салалары

Экология – кешенді ғылымға айналды

XX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі уақыт

Экологияның ластануы



1.Экологияның мақсаты мен міндеттері

Экология – ағзалардың арасында болатын (дарақтар, түр, түраралық, популяцияаралық, биоценоз, биогеоценоз) қарым – қатынастарды айналаны қоршаған табиғи ортамен байланыстыра отырып, зерттеумен қатар, биосферадағы өзгерістерді, құбылыстарды табиғи заңдылықтарды, биосфера шегіндегі әлемдік ауытқуларды адамның іс-әрекеттерімен үйлестіре отырып зерттейтін кешенді ғылымдар жиынтығы.

олардың зерттеуін көптеген ғылымдардың бірлесіп жүргізілуіне мүмкіндік береді. Адамның іс-әрекеттерімен биосферадағы өзгерістерді зерттеуіне мүмкіндік береді.

Экологиялық ластану 4-ке бөлінеді


Биологиялық

Химиялық

Физикалық


Механикалық





1997 жылы 15 шілдеде қабылданған «ҚР-ның қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының 5-бабына сәйкес, азаматтардың қоршаған ортаны қорғауға байланысты құқықтары мен міндеттері көрсетілген.

Әрбір азаматтың және ҚР-ның аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ шетелдіктердің өз өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға, оның жай-күйі туралы дұрыс ақпарат алуға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалдың өтеуін алуға құқы бар.





— белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды пайдалануға, оларды қорғау және толықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыруға қатысуға;

— қоршаған ортаны қорғайтын қоғамдық бірлестіктер мен қоғамдық қорлар құруға;


— қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жиналыстарға, митингілерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға, референдумдарға қатысуға;

— қоршаған орта мәселелері бойынша мемлекеттік, органдар мен ұйымдарға хаттар, шағымдар, арыздар мен ұсыныстар беруге және оларды карауды талап етуге;

— қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы ұсыныс жасап, оған қатысуға;

— кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан зиянды әсерге де объектілерді орналастыру, салу, қайта құру және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс ықпал ететін шаруашылық және өзгеде қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды талап етуге;

— айыпты ұйымдарды, лауазымды адамдар мен азаматтарды жауапқа тарту



— кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан зиянды әсерге де объектілерді орналастыру, салу, қайта құру және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс ықпал ететін шаруашылық және өзгеде қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды талап етуге;

— айыпты ұйымдарды, лауазымды адамдар мен азаматтарды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалдың өтелуі туралы сотқа талап арызы беруге;

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдарды бұзғаны үшін заң алдындағы жауаптылық

Қазақстанда экологиялық заңдардың бұзылуы кең тараған. Қоршаған ортаны қорғауға байланысты мемлекет белгіліген ережелерді бұзу заң бойынша жауапкершілікке соқтырады. Өкінішке орай, елімізде экологиялық заңдарды бұзатын жағдайлар жиі кездеседі.

Назар аударғандарыңызға рахмет

Орындаған: Нурахметова Айгерім

